



Автор: Алкуатова Айгул Шоферовна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Жер және Ғарыш. Жер. Ғарыш Кеңістік және уақыт



Тақырып: Күн мен түн қалай ауысады?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.4.3.1 Жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіреді. Көптеген оқушылар: түн мен күннің қалай ауысатынын біледі. Кейбір оқушылар: күннің тәуліктік жолының қалай өтетінін түсінеді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Күннің шығуы, күннің батуы, талтүс, түн ортасы. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Жыл неден құралады? Апта ше? Тәулікті қандай бөліктерге бөлуге болады? Күннің тәуліктік жолы қандай?
Күтілетін нәтиже:	жердің өз білігінен күнді айналуынан күннің шығыстан шығып, батысқа батуын ұғынады
Бағалау критерийлері:	<input type="checkbox"/> жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіреді. <input type="checkbox"/> түн мен күннің қалай ауысатынын біледі. <input type="checkbox"/> күннің тәуліктік жолының қалай өтетінін түсінеді.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	әдебиет, дүниетану
Бастапқы білім:	Оқушылар Жердің пішінін сипаттай алады, оның Күнмен байланысын түсінеді, Жердің табиғи және жасанды серіктері туралы ұғымы бар. Астрономияны ғарыш туралы ғылым екенін, «ғарыш» ұғымын түсіндіре алады. Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың атауларын, олардың негізгі сипаттарын біледі. Ғарыш денелерін зерттеуге арналған аспаптарды, құралдарды және ұшу аппараттарын атайды. Оқушылар біздің белгілі бір кеңістікте өмір сүретінімізді, уақытты есептейтінімізді біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды.</p> <p>Жаңа топ құру. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Неліктен күн мен түн алмасады? Тәулік дегеніміз не? Глобус туралы не білесің? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p>	<p>«Мен ақылды баламын» сергіту жаттығуы. Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ширату тапсырмасы. Жыл неден құралады? Апта ше? Тәулікті қандай бөліктерге бөлуге болады? Күннің тәуліктік жолы қандай? Теллурий – Жердің Күнді айналғандағы жылдық қозғалысы мен өз білігінен айналғандағы тәуліктік айналымын көрнекі түрде көрсетуге арналған құрал. Жер тұрақты түрде өз білігінен айналады. Тәулік ішінде ол толық бір айналым жасайды. Бұрын таң Күннің шығысымен басталады деп есептелген. Қазір көптеген Еуропа елдерінде тәулікті алты сағаттан бірдей төрт бөлікке тең бөлу қабылданған. Тәулік түн ортасынан басталады деп есептеледі. Күннің көрінетін тәуліктік жолы – шырақтың шығыстан батысқа қарай қозғалысы. Әртүрлі жыл мезгілдерінде Күннің көкжиектен көтерілу биіктігі әртүрлі болады. Күннің жолы да өзгереді. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Дескриптор: □ жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіреді. □ түн мен күннің қалай ауысатынын біледі. □ күннің тәуліктік жолының қалай өтетінін түсінеді. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмалары. Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.</p> <p>Image not found or type unknown</p>  <p>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Оқулықтағы қосымша тапсырмалар. Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Оқушыларға«Нысана»кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.</p> <p>Image not found or type unknown</p> 	<p>«Нысана» кері байланыс парағы</p>